

**Аудандық мәслихатының 2008 жылғы 22 қазандағы "Сырдария ауданы, Тереңөзек кентінің жерлерін аймақтарға бөлу схемасын және салықтық базалық ставкасының түзету коэффициенттерін бекіту туралы" № 107 шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Қызылорда облысы Сырдария аудандық мәслихатының 2009 жылғы 09 ақпандағы № 126 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаменті Сырдария аудандық Әділет басқармасында 2009 жылы 05 наурызда № 10-8-85 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Сырдария аудандық мәслихатының 2017 жылғы 2 маусымдағы № 113 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Сырдария аудандық мәслихатының 02.06.2017 № 113 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын, Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы "Жер Кодексінің" 8-11 баптарын, Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексінің 387-бабын, Қазақстан Республикасының "Нормативтік құқықтық актілер туралы" 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 43-1 бабының 1-тармағын басшылыққа ала отырып және қолданыстағы заңнамаға сәйкестендіру мақсатында, Қызылорда облысының Әділет Департаментінің 20.01.2009 жылғы N 2/398 санды Ұсыныс хатының негізінде аудандық мәслихат **ШЕШЕМІЗ:**

**Ескерту. Кіріспеге өзгеріс енгізілді - Қызылорда облысы Сырдария аудандық мәслихатының 2011.12.15 N 371 шешімімен.**

1. Аудандық мәслихаттың 2008 жылғы 22 қазандағы VIII сессиясының "Сырдария ауданы, Тереңөзек кентінің жерлерін аймақтарға бөлу схемасын және салықтық базалық ставкасының түзету коэффициенттерін бекіту туралы" N 107 шешіміне (Әділет басқармасында нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік Тіркеу тізілімінде 28.11.2008 жылы мемлекеттік тіркеу N 10-8-77, "Тіршілік тынысы" газетінің 03.12.2008 жылғы N 96 шығарылымында жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

Аталған шешімнің бірінші азат жолындағы "338-бабына" деген сөздер "387-бабына" деген сөздермен өзгертілсін.

2. Осы шешім ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихаттың кезектен  
тыс XI сессиясының төрағасы  
Аудандық мәслихаттың хатшысы*

*Б. Берікболов  
А. Атақаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК